

Қай жеріңіз ауырып тұр?

Қызықты ақпарат.

Күнделікті қолданылып жүрген жемістер мен көгөністердің адам денсаулығына пайдасы өте көп. Бірі адамның қанын көбейтеді, бірі көзінің көруін жақсартады.

Мынадай қызықты естідіңіз бе? Жаңғақтың түрі адамның миына ұқсайды. Сол себепті жаңғақ миға өте пайдалы.

Сәбіздің кесілген түріне қарасаңыз, ол көзге қатты ұқсайды. Демек, ол көзге пайдалы. Көзіңіз жақсы көру үшін сәбізді көп жеу керек.

Ал кесілген қызанақ жүрекке ұқсайды және ол жүрек жұмысының жақсы болуына қажет. Саңырауқұлақты білесіз бе? Атауы да қызық, иә! Ол біздің құлағымызға ұқсайды. Біле жүріңіз, құлағыңыздың жақсы естуі үшін саңырауқұлақты көп жеу керек екен. Ал мүлдем ауырмас үшін көп дәрумендер ішіп, дұрыс тамақтануымыз керек. Спортпен шұғылдануды да ұмытпаңыз!

Тапсырма:

Бос орынды толтыр

- Жаңғақ м..... өте пайдалы.
- Көзіңіз жақсы көру үшін с.....көп жеу керек.
- Мүлдем ауырмас үшін көп д..... ішіп, дұрыс тамақтануымыз керек.

Сурет пен сөздерді сәйкестендір

Ми


Көз

Жүрек

Құлақ



Саңырауқұлақ



Қызанақ



Сәбіз



Жаңғақ